

Педагогикалық кеңес №1 хаттама  
31 тамыз 2022ж

Мектеп директоры:  А.А. Туркестанбаева



“Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі И.Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі”КММ

Оқу-тәрбие жұмысының жоспары

2022-2023 оқу жылы

**2022 - 2023 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарының мазмұны**

| №                                                                                                                   | Жұмыстың мазмұны                                                                                       | беті           |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
| <b>1.бөлім 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмысын талдау</b>                                               |                                                                                                        | <b>4 - 28</b>  |
| <b>2. бөлім «Білім беру бойынша нормативтік құжаттарды жүзеге асыруға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру».</b> |                                                                                                        | <b>29 - 43</b> |
| <b>2.1</b>                                                                                                          | 2022-2023 оқу жылына арналған жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары    | <b>29 - 30</b> |
| <b>2.2</b>                                                                                                          | 2022-2023 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңын іске асыру жоспары         | <b>30 - 31</b> |
| <b>2.3</b>                                                                                                          | 2022-2023 оқу жылына арналған «Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары | <b>31 - 34</b> |
| <b>2.4</b>                                                                                                          | ОТПІ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары                                                              | <b>34 - 36</b> |
| <b>2.5</b>                                                                                                          | 2021-2023 оқу жылына үштілді білім беруді дамыту жоспары                                               | <b>36 - 39</b> |
| <b>2.6</b>                                                                                                          | Инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.                                       | <b>39 - 43</b> |
| <b>3. бөлім Педагогикалық құраммен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестация</b>                              |                                                                                                        | <b>43 - 58</b> |
| <b>3.1.</b>                                                                                                         | 2022-2023 оқу жылына педагогикалық құрамның жұмыс ЖОСПАРЫ                                              | <b>43 - 44</b> |
| <b>3.2.</b>                                                                                                         | 2022-2023 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің курстық дайындық БОЛАШАҚ ЖОСПАРЫ                    | <b>44 - 51</b> |
| <b>3.3.</b>                                                                                                         | 2022-2023 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің аттестация БОЛАШАҚ ЖОСПАРЫ                          | <b>51 - 58</b> |

|                                                                                                                                |                                                                                                                                 |                |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
| <b>4. бөлім «Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру»</b> |                                                                                                                                 | <b>59-76</b>   |
| 4.1.                                                                                                                           | Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың ЖОСПАРЫ. | 59-60          |
| 4.2.                                                                                                                           | Педагогикалық ұжымның міндеттері                                                                                                |                |
| 4.3.                                                                                                                           | 2022-2023оқу жылының пәндік онжылдықтарына арналған ЖОСПАР                                                                      |                |
| 4.4.                                                                                                                           | 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс ЖОСПАРЫ                                                                         |                |
| 4.5.                                                                                                                           | 2022-2023 оқу жылына арналған мектеп әдістемелік кеңесінің ЖОСПАРЫ                                                              |                |
| 4.6.                                                                                                                           | ЖММ жұмыс жоспары                                                                                                               |                |
| 4.7.                                                                                                                           | 2022-2023 оқу жылына кітапхана жұмысының жоспары                                                                                |                |
| <b>5.бөлім «Білім беру процесін психологиялық қолдауды ұйымдастыру»</b>                                                        |                                                                                                                                 | <b>112-128</b> |
| <b>6. бөлім «Мектептің оқушылармен және ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру»</b>                                          |                                                                                                                                 | <b>77-112</b>  |
| 6.1.                                                                                                                           | 2022 -2023 оқу жылына мектептің оқушылармен және ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жоспары                               |                |
| 6.2.                                                                                                                           | Ата-аналар жиналысын өткізу жоспары                                                                                             |                |
| 6.3.                                                                                                                           | Сынып сағаттарының тақырыбы мен өткізу жоспары                                                                                  |                |
| 6.4.                                                                                                                           | Сынып жетекшілерінің ӘБ отырысы жоспары                                                                                         |                |
| 6.5.                                                                                                                           | Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары                                                                                             |                |

|      |                                                                               |          |
|------|-------------------------------------------------------------------------------|----------|
| 6.6. | Дініш ескертпеңіздің алдын алу жоспары                                        |          |
|      | <b>7. бөлім «МІБ мектепті басқару және ұйымдастыру»</b>                       |          |
| 7.1. | 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің циклограммасы                         | 12.9-126 |
| 7.2. | 2022-2023 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары            |          |
| 7.3. | 2022-2023 оқу жылына арналған әкімшілік кеңес жоспары                         |          |
| 7.4. | 2022-2023 оқу жылына арналған басшы жағындағы отырыс жоспары                  |          |
| 7.5. | 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің қамқоршылар кеңесі отырысының жоспары |          |
| 7.6. | 2022-2023 оқу жылының аяқталуы бойынша іс-шаралар                             |          |
| 7.7. | МІБ жоспары                                                                   |          |

## 1.бөлім 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмысын талдау.

**Мектептің әдістемелік такырыбы:** Пәндер мазмұнын интеграциялау арқылы құндылыққа бағытталған оқу-тәрбие процесінің біртұтастығын қалыптастыру негізінде білім сапасын жоғарылауына кол жеткізу.

**Ғылыми-әдістемелік жұмыс мақсаты:**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы сәуір айындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында және білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді іске асыруда білім беру мазмұнын жаңарту бағыттарын анықтау;

*Білім беру мазмұнын жаңартуда педагог мамандардың кәсіби қалыптасуын жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызуды;*

*Білім беру ұйымындағы инновациялық үдерістерді белсендіру мен қолдаудағы әдістемелік қызметтің рөлін күшейту;*

*Тілдердің үштұзғырлығы мәдени жобасын ендіруге байланысты іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру;*

*Оқу процесінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын басты бағыт ретінде пайдалана отырып, оқытудың заманауи үлгісін қалыптастыру, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесін, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу;*

*Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға ортақ еңбек қозғамына қарай 20 қадам» мақаласын басшылыққа алу.*

**Ғылыми-әдістемелік жұмыс міндеттері:**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік білім стандартында көрсетілген міндетті базалық білім деңгейін, әрбір оқушының менгеруін қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыру. Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;

Оқушылардың білім сапасын арттыру, қорытынды аттестаттауға жүйелі дайындаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру; Үштілде оқыту үдерісін енгізу және дамытуға байланысты кешенді іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру;

Оқытудың мазмұны мен пішінін өзгертуде педагог мамандардың кәсіби іс-шараларды ұйымдастыружұмыстарын жетілдіру;

Мектеп жасындағы балаларды толық оқумен қамтамасыз ету және мектеп оқушыларын сабаққа қатысуына бақылауды күшейту, «Мектепке жол» және «Қамқорлық» акциялары жұмыстарын жалғастыру;

Елбасының дәстүрлі халыққа жолдауы негізінде қазақстандық патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, құқығымен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу жұмыстарын жандандыру.

**Жұмыс нысандары:**

Педагог қызметкерлерді аттестаттау және біліктілік талаптарын сақтау іс-әрекеті;  
Дарынды балалармен жұмыс жоспары;  
Мұғалімдермен жұмыс. Біліктілікті көтеру және педагогикалық шеберлік;  
Жас мамандармен жұмыс жоспары;  
Пәндік онкүндіктер.

### **Дарынды оқушылармен жұмыс есебі**

2021-2022 оқу жылының басында дарынды оқушылармен жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Мектеп психологы мен сынып жетекшілердің ортақ жұмыстарының нәтижесінде дарынды оқушылардың тізімі анықталды. Пән мұғалімдері дарынды оқушылармен жұмыс жоспарларын жасап, дайындық жұмыстарын жүйелі өткізіп тұрды. Оқушылар пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар мен түрлі байқаулар мен конкурстарға қатыстырылды. Әрбір іс шара мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жүйелі өткізіліп тұрды. Жеңімпаз оқушылар әр дүйсенбі мектепшілік саптүзеуде марапатталып отырылды.

### **Пәндік олимпиадалар.**

#### **Облыстық «Алтын сақа» 5-6 сынып математика олимпиадасы.**


8 қазанда 5-6 сынып оқушылары математика пәнінен республикалық «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңіне 5 сыныптардан келесі оқушылар: 5ә Тлекшали Хаким, 5ә Ербол Қадыржан, 5б Аманжолова Назым, 5б Малгаждар Мерей, 5в Әлхан Асылбек, 5в Садуақас Алина, 5д Ігенбаева Акерке қатысты. 6 сыныптардан: Боранбай Әлімжан 6ә, Қадырова Бибінұр 6а, Заманбеков Бекарыс 6а, Аиілдыз Фатима 6а қатысты.

#### **Аудандық, облыстық «Айқанат» олимпиадасы 8 сынып.**

8 қарашада 8 сыныптарға арналған «Айқанат» олимпиадасының аудандық кезеңі болды, оған мектеп бойынша 61 оқушы қатысты.

8 сәуір күні ауыл оқушыларына арналған «Айқанат» республикалық олимпиадасының облыстық кезеңі Целиноград ауданы, Қараөткел ауылының №2 жалпы білім беретін мектебінің базасында өтті. «Айқанат» олимпиадасының аудандық іріктеу кезеңінде 61 оқушы олимпиадаға қатысқан болатын, соның бесеуі 2-кезеңге қатысуға жолдама алды. Бұл бағдарламаның мақсаты-ауыл мектептерінің оқушыларын ұлттық және шетел университеттеріне түсулері үшін қолдау, ынталандыру. 2-кезеңге 8 «А» сыныбының оқушылары Мұхтар Аяна,

Құдайбергелен Аида және 8 «В» сынып оқушылары Қартанбек Жандәулет, Наурызбаева Адия, Оразбек Аружан өтіп, білім деңгейлерін көрсетті.



#### Аудандық 4 сынып математика олимпиадасы.

4 мамыр күні Аршалы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 4 сынып оқушылары арасында математика пәні бойынша олимпиада өткізілді. Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің білімдерін анықтау, пәнге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, білімді оқушыларды қолдау. Нәтижесінде 4 «Ә» сынып оқушысы Серік Нұрислам 1-орынды иеленді. Пән мұғалімі Берлібекова Алла Тынымбайқызы. 4 «Б» сынып оқушысы Шапай Мұхаммед 3-орынға ие болды. Пән мұғалімі Асеева Эльмира Беркімбайқызы. 4 «А» сынып оқушысы Ерназар Інжу 3-орынға ие болды. Пән мұғалімі: Құдабаева Махаббат Қалымтаевна.



Мектепшілік, аудандық 5-6 сынып жалпы пәндер олимпиадасы.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының жалпы пәндер бойынша 5-6 сыныптарда мектепшілік кезеңі өтті. Оған қазақ тілі, математика, орыс тілі, жаратылыстану, Қазақстан тарихы, ағылшын тілінен 117 оқушы қатысты. Нәтижесінде 14 оқушы аудандық кезеңге өтті. 26 қараша күні аудандық кезең өткізіліп, орыс тілінен – 6 А сынып оқушысы Қадырова Бибинур 2-орын, жетекшісі Мажитова Д.У., жаратылыстану пәнінен - Уалихан Айзия 3-орынға ие болды, жетекшісі Мысанова Г.Б.

### **Аудандық, облыстық 7-8 сынып жаратылыстану-математика олимпиадасы.**

2021-2022 оқу жылының 22 қараша күні 7-8 сыныптарда жалпы пәндер бойынша мектепшілік олимпиада өткізілді. 5 сәуір күні 7-8 сыныптарға арналған жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының аудандық кезеңі болды. Аталған олимпиадаға математика, информатика, биология, химия, физика пәндерінен Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінен 10 оқушы қатысты. Олимпиаданың мақсаты – оқушылардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқытуға қызығушылығын арттыру, жоғары деңгейдегі олимпиадаларға жасөспірімдерді даярлау жүйесін жетілдіру және резерв құру.

Мектебіміздің оқушылары аталған пәндер бойынша төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді: 8 «В» сынып оқушысы Берікбол Темірлан математика пәнінен 2-орынға ие болды, пән мұғалімі Қожахметова Бижамал Қуанышбекқызы. 8 «В» сынып оқушысы Максұт Назерке химия пәнінен 2-орынға ие болды. Пән мұғалімі: Бабакова Ғалия Тоқтағалиқызы. 7 «Ә» сынып оқушысы Ажибаев Чингиз химия пәнінен 1-орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Пән мұғалімі: Бабакова Ғалия Тоқтағалиқызы. Облыстық кезеңде Ажибаев Чингиз жақсы деңгейде нәтиже көрсетті.

### **Мектепшілік, аудандық, облыстық 9-11 сынып жалпы пәндер олимпиадасы.**

2021-2022 оқу жылының 22 қараша күні 9-11 сыныптарда жалпы пәндер бойынша мектепшілік олимпиада өткізілді.

Нәтижесінде 29 оқушы аудандық кезеңге жолдама алды. Қазақ тілінен 11 сынып оқушысы Джомартова Меруерт 1-орын; жетекшісі Жунусова А.К., орыс тілінен 9 сынып оқушысы Султантегі Асылжан 2-орын, жетекшісі Сарсенбаева М.К., 10 сынып оқушысы Сатығұл Макпал -3-орын, жетекшісі Абилсейтова Б.К., 11 сынып оқушысы Талап Айша 1-орын, жетекшісі Сулейменова Г.Е.; ағылшын тілінен 9 сынып оқушысы Таласпаев Сәт 1-орын, жетекшісі Аманхан Н.; физикадан 10 сынып оқушысы Жутан Марат – 3-орын, жетекшісі Сейтказиева А.М.; Қазақстан тарихынан – 11 сынып оқушысы Кенесбай Дильназ 1-орын, жетекшісі Қадырбаева Б.К.; құқықтан 9 сынып оқушысы Оразбекұлы Укаша – 3-орын алды, жетекшісі Ташетова Н.Б.

1-орын алған Кеңесбай Дильназ Қазақстан тарихы пәнінен облыс бойынша өз деңгейінде білімін көрсетті.

### **Облыстық «Мың бала» олимпиадасы.**

Мың бала 5-сыныптардан 36 оқушы, 6-сыныптарда 32 оқушы тіркеліп, білімдерін көрсетті.

### **Облыстық «Абайтану» олимпиадасы.**

Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық «Абайтану» олимпиадасына қатысқан болатын. Абайтану олимпиадасының мақсаты: М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын толық меңгеру арқылы кеменгердің акындық болмысына үнілуге, Абайдың шығармашылық өмірінен ғибрат алып, өмірде қолдана алуға бағыттау, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту; Қазақстан Республикасының дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау көрсету болып табылады. Олимпиаданың қорытындысы бойынша 11 сынып оқушылары Хусайн Жансая мен Кеңесбай Дильназ жақсы білім деңгейін көрсетіп, марапатталды. Пән мұғалімі: Жунусова А.К.

### **Аудандық «Тіл дарыны» олимпиадасы.**

8-11 сынып оқушылары аудандық «Тіл дарыны» олимпиадасына белсене қатысты. Олимпиаданың мақсаты: Үш тілді, яғни, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген оқушыларды қолдау, ынталандыру, сол арқылы өзге де балалардың талаптануына мүмкіндік жасау. Олимпиада қорытындысы бойынша 9 «Б» сынып оқушысы Жанайдар Лея мен 10 «Ә» сынып оқушысы Садуақасова Асемай белсенділік танытқаны үшін марапатталды. Ал 8 «В» сынып оқушысы Сарсенбай Жалғас жүлделі 3-орынға ие болды. Үш пән бойынша жетекшілері: Хусайн Х., Мажитова Д.У., Бакытнұр Ө. марапатталды. 11 сынып оқушысы Хусайн Жансая жүлделі 2-орынға ие болды. Үш пән бойынша мұғалімдері: Жунусова А.К., Сулейменова Г.Е., Дүйсеманова У.Ж. да марапатталды.

### **Облыстық «Қанипа Бітібаева атындағы олимпиада».**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қанипа Бігібаева атындағы облыстық олимпиадаға 11 А сынып оқушысы Джомартова Меруерт, жетекшісі Жунусова А.К. және 10 Ә сынып оқушысы Риспаева Еркінай, жетекшісі Хусайн Х. катысып, білімдерін көрсетті.

### **Ғылыми жобалар конкурсы.**

#### **Мектепшілік «Зерде» 2-4 сынып жобалар конкурсы.**

1 ақпан күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде бастауыш сынып оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жобалары бойынша мектепшілік конкурс болды. Конкурстың мақсаты: оқушылардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру.

Конкурска 1-4 сынып оқушыларынан әр түрлі секциялар бойынша 10 оқушының зерттеу жобалары қорғалды. Тақырыптар бүтінгі қоғамдағы мәселелермен тығыз байланысты: «Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны», «Стреске қарсы ойыншықтар пайдалы ма?», «Тик ток әлеуметтік желісі қауіпті ме?», т.б.

«Бас жүлдеге» ие болған 4 А сынып оқушысы Заманбек Нұрасыл, жетекшісі Қабылбаева Балжан Маратқызы, 1-орынға ие болған 3 Ә сынып оқушысы Ерғалиева Інкер, жетекшісі Жуманова Айнұр Николаевна және 4 Г сынып оқушысы Ершора Абдуллах, жетекшісі Серікова Айжан Серікқызы. 2-орынға ие болған 3 В сынып оқушысы Әбдумәлік Мейрамбек, жетекшісі Маукенова Махаббат және 4 Ә сынып оқушысы Жарболған Әділжан, жетекшісі Берлибекова Алпа Тынымбайқызы, 3-орынға ие болған 3 Г сынып оқушысы Токтасын Сезім, жетекшісі Салтанбаева Айсулу, 4 Б сынып оқушысы Азаматұлы Алдияр, жетекшісі Асенова Эльмира, 3 Д сынып оқушысы Сапар Жанерке, жетекшісі Кереева Маржангүл. Белсенділік танытқан оқушылар Мадақтамамен марапатталды. Олар: 1 Г сынып оқушысы Жұман Жаннұр, жетекшісі Узбекова Жадыра және 5 Г сынып оқушысы Ажибаева Аружан, жетекшісі Торсыкбаева Жанар Сапаржанқызы.

#### **Мектепшілік «Зерде» 5-7 сынып жобалар конкурсы.**

3 ақпан күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 5-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жобалары бойынша мектепшілік конкурс болды.

Конкурска 5-7 сынып оқушыларынан әр түрлі секциялар бойынша 6 оқушының зерттеу жобалары қорғалды. Тақырыптар бүтінгі қоғамдағы мәселелермен тығыз байланысты: «Скетч ап бағдарламасын пайдаланып магнитті лабиринт моделін жасау және өмірде қолдану.», «Ертоқым», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер», т.б. Жобаның нәтижесінде оқушылар өздерінің жаңа өнімдерін көрсетіп, көпшіліктің ризашылығына бөленді.

«Бас жүлдеге» ие болған 7 Ә сынып оқушысы Түменбай Айшабибі, жетекшісі Лесбекова Ұлданай Анарбекқызы, 1-орынға ие болған 7 А сынып оқушысы Кенжебай Әбілмансұр, жетекшісі Мұратхан Ақгүл, 2-орынға ие болған 5 Д сынып оқушысы Семсер Айдана, жетекшісі Тлеуова Айнұр Балтабаевна және 7 В сынып оқушысы Джамартова Аружан, жетекшісі Сулейменова Гүлнар Естаевна, 3-орынға ие болған 5 Д сынып оқушысы Шулыпанкулов Шыңғыс, жетекшісі Тлеуова Айнұр Балтабаевна және 7 А сынып оқушысы Өмірбекқызы Айнұр, жетекшісі Мұратхан Ақгүл.

### Аудандық «Зерде» 2-7 сынып жобалар конкурсы.

26 мамыр күні Аршалы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 2-7 сынып оқушыларының арасында республикалық «Зерде» зерттеу жұмыстарының аудандық кезеңі өтті. Конкурстың мақсаты: оқушылардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру. Міндеттері: зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, оқушылардың үздік жұмыстарын көрсету және насихаттау.

Аталған конкурста Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінен 2-7 сынып оқушыларынан әр түрлі бағыттар бойынша 11 оқушының зерттеу жобалары қорғалып, 10-ы жүлделі орындарға ие болды, оның 8-і облысқа жолдама алды.

Нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларынан 4 А сынып оқушысы Заманбек Нұрасыл математика-информатика бағытынан 1 орын, жетекшісі Қабылбаева Балжан Маратқызы, 4 Г сынып оқушысы Ершора Абдуллах медицина-психология бағыты бойынша 1 орын, жетекшісі Серікова Айжан Серікқызы, 3 В сынып оқушысы Әбдумәлік Мейрамбек медицина, психология бағытынан 2 орын, жетекшісі Маукенова Махаббат және 4 Ә сынып оқушысы Жарболған Әділжан медицина, психология бағытынан 2 орын, жетекшісі Берлибекова Алла Тынымбайқызы, 3 Д сынып оқушысы Сапар Жанерке экология, валеология бағытынан 3 орын алды, жетекшісі Кереева Маржангүл.

5-7 сынып оқушыларынан 7 Ә сынып оқушысы Түменбай Айшабибі информатика пәнінен 1 орын, жетекшісі Лесбекова Ұлданай Анарбекқызы, 5 Д сынып оқушысы Семсер Айдана өлкетану бағытынан 1 орын, жетекшісі Тлеуова Айнұр Балтабаевна және 7 В сынып оқушысы Джамартова Аружан орыс тілі пәнінен 2 орын, жетекшісі Сулейменова Гүлнар Естаевна, 5 Ә сынып оқушысы Садырхан Айша математика пәнінен 3 орын, жетекшісі Курманбаева Айнұр Сағатовна, 7 В сынып оқушысы Шамурат Гүллим химия-биология бағыты бойынша 1 орын алды,

жетекшісі Бабакова Галия Токтағалиевна, 7 В сынып оқушысы Жұрат Аяулым өлкетану бағыты бойынша белсенділік танытқаны үшін марапатталды, жетекшісі Кадырбаева Бибигүл Кенесбаевна.

### **Мектепшілік ғылыми жобалар байқауы 8-11 сыныптар**

8 ақпан күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 8-11 сынып оқушылары арасында ғылыми жобалар зерттеу бойынша мектепшілік конкурс болды.

Конкурска 8-11 сынып оқушыларынан 17 оқушының зерттеу жобалары қорғалды. Тақырыптар бүгінгі қоғамдағы мәселелермен тығыз байланысты: «HTML тілін пайдалану арқылы сайт жасау», «Иммундық жады – адам организмнің әртүрлі антигендермен күресудегі маңызды бөлігі», «Жасөспірімдердің есте сақтау қабілеттерінің ерекшеліктері», т.б.

«Бас жүлдеге» ие болған 10 А сынып оқушысы Абайұлы Әліби, жетекшісі Кенжалы Әсет Қайырлыұлы. Әліби көпір жасаудың тиімді жолдарын көрсете отырып, макетін ойластырып жасаған. 1-орынға ие болған 10 Ә сынып оқушысы Риспаева Еркінай, жетекшісі Бабакова Галия Токтағалиевна, 2-орынға ие болған 10 А сынып оқушысы Жиенбаева Зарина және Окетаева Арайлым, жетекшісі Кенжалы Әсет Қайырлыұлы, 3-орынға ие болған 10 А сынып оқушысы Капланбек Жаннұр, жетекшісі Кенжалы Әсет Қайырлыұлы, 10 Ә сынып оқушысы Алимova Мерей, жетекшісі Дүйсеманова Улжан Жұманазаровна және 10 Ә сынып оқушысы Базарбаева Карина, жетекшісі Дүйсенова Гүлнар.

### **Аудандық «Аршалы дарыны» 8-11 сынып – жоба қорғау**

12 мамыр күні 8-11 сыныптар арасында «Ғылымдағы алғашқы қадамдар» атты «Аршалы дарыны» Ұ аудандық байқауы өтті. Аталған байқауға Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінен 10 оқушы (9 жоба) қатысты. Байқаудың мақсаты – оқушылардың бойындағы ғылымға деген қызығушылықты ояту, өнертапқыштық қабілеттерін дамыту, талантты оқушыларды аудан, облыс, республика деңгейінде танытып, ынталандыру.

Нәтижесінде мектебімізден конкурска қатысқан 9 жобаның 5-і жүлделі орындарға ие болды. Физика пәнінен Хусайн Шахизат 1-орын, жетекшісі Алтаев Н.А., казак тілі мен әдебиетінен Кабдышева Елдана 2-орын, жетекшісі Абдрахманова А.Е., химия пәнінен Риспаева Еркінай 2-орын, жетекшісі Бабакова Г.Т., география пәнінен Сарсекина Лунара мен Жаукар Сардар 2-орын, жетекшісі Мұратхан А., Қазақстан тарихынан Қаратай Ақтолқын 3-орын, жетекшісі Кадырбаева Б.К. ие болды.

Информатика пәнінен Төкен Айдана, физика пәнінен Абайұлы Әліби, казак тілі мен әдебиетінен Күмісбек Балауса, биология пәнінен Джомартова Меруерт өздерінің ғылыми жобаларын қорғап, белсенділік көрсетіп қайтты.

### **Облыстық «Табиғатты аяла!» экологиялық олимпиадасы – жоба қорғау.**

23 ақпан күні Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Шағалалы ауылының жоғары агротехникалық колледжінің базасында «Табиғат – тіршілік кезі» тақырыбында облыстық экологиялық олимпиадасы өтті. Олимпиаданың мақсаты: туған өлкенің экологиялық-өлке тану проблемаларына жастардың назарын аудару. Бұл олимпиадаға Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары да қатысты.

Нәтижесінде ғылыми жобалар сайысында мектебіміздің оқушыларының жобалары әділ қазы алқаларының тарапынан жоғары бағаланды. «Экологиялық қонырау» номинациясы бойынша «Қоғамдық маңызы бар пластик заттар мен қағаздардың әлеуметтік өнімділігін арттыру» тақырыбымен 9 «Ә» сынып оқушысы Жауқар Сардар 1-орынға ие болды. Жетекшісі: география пәнінің мұғалімі: Мұратхан Ақгүл.

«Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы» номинациясы бойынша «Жоғары біліктітегі жел генераторы» тақырыбымен 8 «В» сыныбының оқушысы Хусайн Шахизат 1-орынға ие болды. Жетекшісі: физика пәнінің мұғалімі Алтаев Нұрлан Алтайұлы.

### **Республикалық «Табиғатты аяла!» жас экологтар форумы**

7 маусым күні «Zharyl El» «Жоғары біліктітегі жел генераторы» тақырыбымен 8 «В» сыныбының оқушысы Хусайн Шахизат жобасын қорғады. Жетекшісі: физика пәнінің мұғалімі Алтаев Нұрлан Алтайұлы. «Қазақстанның флорасы мен фаунасының 3D атласы» номинациясы бойынша «Тұран жолбарысы» тақырыбымен 7 «Ә» сыныбының оқушысы Түменбай Айшабибі қорғады. Жетекшісі: информатика пәнінің мұғалімі Лесбекова Ұлдана Анарбекқызы. «Экотеатр» номинациясы бойынша «Ғарыш ғаламаты» тақырыбымен 8 «В» сыныбының оқушылары Азденбаева Алға, Берікбол Темірлан, Тәжімұрат Жанель, Баян Алдияр театр қойылымын түсірді. Жетекшісі: өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Шыназарова Лаура Ахановна. «GREEN OASES» номинациясы бойынша «Мектеп аулалық география пәнінің мұғалімі Мұратхан Ақгүл.

Нәтижесінде оқушылар республикалық форумға қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды.